


Келісілді
Жамбыл облысы әкімдігінің
Мәдениет, архивтер және
құжаттама басқарма басшысы
_____ Е.Жүнісбай
«____» _____ 2023 жыл



Бекітемін
Шерхан Мұртаза атындағы
руханият және тарихтану
орталығының директоры
_____ С.Қалиев
«____» _____ 2023 жыл



**«Жамбыл, Кенен ұрпақтары – тәуелсіздікті жырлайды»
атты облыстық жас ақындардың жабық мүшәйрасының
ЕРЕЖЕСІ**

2023 жылдың 6 қараша – 6 желтоқсан аралығында Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы «Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану» орталығы «Жамбылтану» бөлімінің ұйымдастыруымен тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі жолындағы тағдырлы, талайлы жолдары жайын толғайтын «Жамбыл, Кенен ұрпақтары – тәуелсіздікті жырлайды» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасы өтеді.

Мүшәйраның мақсаты:

- Ұлтымыздың ұлы ақындары, сазгерлері, жыр дүлдүлдері, айтыс өнерінің дарабоздары Жамбыл Жабаев пен Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармаларын насихаттай отырып, тәуелсіз еліміздің өткен тарихы мен бүгінгі жасампаз келбетін паш ету;
- Қазақ әдебиетінің дамуына ақындардың үлесін қосу, кейінгі ұрпаққа үлгі ету, дәріптеу;
- Жас ақындарға қолдау көрсету, жоғары деңгейдегі өлең-жырларды жазуға ынталандыру, шеберліктерін шыңдау, шығармаларын оқырмандар арасында насихаттау;
- Жас буынды ұлттық мәдени құндылықтар рухына, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

Мүшәйраның талаптары мен шарттары:

- «Жамбыл, Кененге арнау» тақырыбы бойынша 1 шығарма /өлең/;
- Тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі жолындағы тағдырлы, талайлы жолдары жайын толғайтын 2 шығарма /өлең/;
- Мүшәйраға облысымыздың 17-35 жас аралығындағы барлық ақындары қатыса алады;
- Шығарманың көлемі 5 шумақтан кем болмауы және 15 шумақтан аспауы керек;
- Ақындық өнеріне, сөз қолданысына, өлең ұйқасына, ой тереңдігі мен жүйелілігіне, сөз көркемдігіне, мағынасына, тіл тазалығына баса назар аударылады;
- Ұсынылған шығармалар рецензиялапбайды және авторға қайтарылмайды;

- Ұсынылған шығармалар рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды;
- Ұсынылған еңбектер компьютер арқылы терілген болуы тиіс. Microsoft Word файлды форматты түрінде Times New Roman қарпі, 14-ші әріппен (шрифтпен), А4 парақ форматында терілуі керек. Қолмен жазылған шығармалар қабылданбайды. Ұсынылған шығарма 5 дана болып, бірінші конвертке тек қана бүркеншек атпен ұсынылуы керек;
- Ақын өзі туралы мәліметті (туған жылы, қызметі немесе оқу орны, мекен-жайы, байланыс телефоны, жеке куәлігі /көшірмесі/ мен 9x12 суреті мен бүркеншек атын екінші конвертке салып) ұсынуы керек;
- Ұсынылған шығарма талапқа сай болмаса, яғни шығармасына аты-жөнін жазып жіберсе, мүшәйраға қатыстырылмайды.
- Қатысушылардың шығармалары 2023 жылдың 6 желтоқсанына дейін қабылданады;
- Қабылданған өлеңдер арнайы бекітілген қазылар алқасының сараптауынан жабық түрде өтеді;
- Қазылар алқасының қорытындысы бойынша жеңімпаздарға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар, кәдесыйлар тапсырылады.

Мүшәйраның қазылар алқасы:

- Қазылар алқасының құрамы Қазақстан Жазушылар одағына мүше белгілі ақындар мен жазушылардан құралады;
- Қазылар алқасының шешімі түпкілікті, хаттамамен рәсімделеді және қайта қарауға жатпайды;
- Мүшәйраның жеңімпаздарын марапаттау кезінде сыйлықтарды /Бас жүлдеден басқасын/ бөліп беруге немесе бермеуге және арнайы сыйлықтар тағайындауға құқылы.

Мүшәйра кезеңдері:

- Іріктеу кезеңі 6 желтоқсан;
- Марапаттау кезеңі 13 желтоқсан. Тараз қаласы, Төле би даңғылы, 18/2 ғимараты, «Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығында» өтеді.

Марапаттау:

- Бас жүлде – I;
- I орын – I;
- II орын – I;
- III орын – I;

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаздар туралы ақпарат Фейсбук әлеуметтік желісіндегі «Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану орталығы» ресми парақшасында жарияланып, БАҚ арқылы насихатталады.

Мүшәйраға қатысушылар 2 конвертке салынған шығармалары мен өздері туралы анықтамаларын Тараз қаласы, Көшек батыр көшесі №1, «Жамбылтану» бөліміне басқа адам арқылы (автордың кім екені белгісіз болуы үшін) тапсыруы тиіс немесе почта арқылы жіберулері керек.

Анықтама үшін байланыс телефондары: 8(7262)450184, 87026040031.

Ұйымдастырушы: «Шерхан Мұртаза атындағы руханият және тарихтану» орталығының «Жамбылтану» бөлімі.